**М.Б. Игиликова, Қ.Р.Манап, М.С.Сериккызы, Р.У.Уажанова**
(Алматы технологиялық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы,
E-mail: khali_17_10_94@mail.ru)

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ АККРЕДИТТЕУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІНІҢ СӘЙКЕСТІК СЕРТИФИКАТТАРЫНА СТАТИСТИКАЛЫҚ ТАЛДАМА

**Түйіндеме.** Мақала Қазақстан Республикасының Ұлттық аккредиттеу орталығының сапа менеджменті жүйесінің сәйкестік сертификаттарының статистикалық талдауын зерттеуге арналған. Мақалада сәйкестік сертификатының және сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін зерттеді. Ұйымдардың сапа менеджменті жүйесінің тиімділігін арттыруға барынша ықпал ететін сапа менеджменті әдістеріне талдау жүргізілді. Нәтижелер жинақталды және зерттелген ақпараттарға сүйене отырып қорытынды жасалынды.

**Түйін сөздер:** Ұлттық Аккредиттеу орталығы, сапа, сапа жүйесі, мапа менеджмент жүйесі, сәйкестік сертификаты.

## Кіріспе

***Сәйкестік сертификаты*** **–** техникалық реттеу облысындағы нормативтік құқықтық актпен, стандарт ережерлерімен немесе басқа құжаттармен белгіленген менеджмент жүйелерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат [1].

Қазақстан республикасының **Техникалық реттеу туралы 2004 жылғы 9 қарашадағы № 603-II Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес,** Сәйкестік сертификаттар қолданылу мақсатына қарай төмендегі түрлерге бөлінеді: Белгілі бір өнім түріне арналған (партия және топтамалы өндіріс); Халықаралық стандарттар ISO негізінде Қазақстан республикасының Ұлтық стандарттарына үйлесімделген ҚР СТ ИСО стандарттар талаптарымен рәсімделген Сапа менеджменті жүйесі СМЖ сәйкестік сертификаты [2].

Осы мақалаға арқау болатын мәліметтер жоғарыда айтылып кеткен СМЖ сәйкестік сертификаттары, дәлірек айтсам Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтаған (ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 28 тамыздағы № 773 «Аккредиттеу жөніндегі органдарды анықтау туралы» қаулысы) сәйкестікті бағалау аясындағы аккредиттеу жөніндегі жалғыз ұлттық орган болып табылатын, сонымен қатар өз қызметін Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі «Сәйкестікті бағалау аясындағы аккредиттеу туралы» Заңына, ИСО/МЭК ҚР СТ 17011-2006 «Сәйкестікті бағалау бойынша органдарды аккредиттеу және бағалауды жүзеге асыратын органдар. Негізгі талаптар» стандартына, ҚР өзге де нормативтік-құқықтық актілеріне және аккредиттеу жөніндегі халықаралық ұйым талаптарына сәйкес ұлттық орган Ұлттық аккредиттеу орталығының (ҰАО) ресми сайтындағы ҚР СТ ИСО 22000-2006 (ISO 22000:2005) «Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері. Тамақ өнімдерін өндіру және тұтыну саласындағы барлық ұйымдарға қойылатын талаптар» және ҚР СТ ИСО 9001-2009 (ISO 9001:2008) «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар» халықаралық стандарттар негізінде рәсімделінген стандарттарға статистикалық мәлімет жасау.

## Тапсырма және зерттеу әдістері

Қазіргі күннің өзекті халықаралық стандарттарының ішіндегі бірегейлеріне жеке тоқталып өтсем, яғни: **ҚР СТ ISO 9001-2016** «Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар».

ИСО 9000 сериясы – сапа менеджменті жүйелеріне арналған жалпы талаптар белгіленген халықаралық стандарттар. Стандарт ұйымның барлық фирма ішіндегі үрдістеріне жүйелік, кешендік тәсілдеме болатын, тиімді менеджмент жүйесін дайындаудың әлемдік тәжірибеде тексерілген, сенімді құралы болып табылады. Сапа менеджменті жүйесі – өнімнің сапасын үнемі арттыруға, тұтынушылардың қанағаттанушылығына және ұйым қызметінің тиімділігіне бағытталған сапалы басқару жүйесі. Сапа менеджменті жүйесі сапа кепілгерін қамтамасыз етуге және де тұтынушылардың қанағаттанушылық кепілі болатын, тұтынатын тауарлардың сипаттамалары мен қасиеттерін жақсарту үшін мүмкіншілік беруге қабілетті. Бүгінгі күнде ИСО 9000 халықаралық стандарттар сериясы бойынша сапа менеджменті жүйесін сертификаттау барлық жерде тапсырыс беруші мен жеткізуші арасындағы қарым-қатынас бастамасы түрінде міндетті шарт болып табылады және өркениетті сауда кеңістігінде мойындауын білдіреді [4].

*Сапа менеджменті жүйелерін сертификаттаудың артықшылықтары:*

1) Ұйымның беделі, атағы және инвестициялық тартымдылығының артуы, экономикалық тұрақтылығының артуы;

2)Ұйымның өнім/қызмет сапасының жоғарылауы, сәйкессіз өнім үлесінің жоспарлы төмендеу;

3)Уақыт пен материалдардың өнімсіз шығынының азаюы;

4) Ұдайы жақсарту механизмін іске асыру;

5) Басқарудағы жүйелі тәсіл;

6) Инфрақұрылымды оңтайландыру, әкімшілік бөлімшелер жұмысының тиімділігін арттыру және өнім/қызметтің өзіндік құнын төмендету;

7) Қазақстанның ДСҰ–ға ену шарттарында бизнесті шетелдік бәсекеден сенімді қорғау;

8) Мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу барысында артықшылығы, бәсекелестер алдында басқа да тең шарттар кезінде басымдылығы;

9) Енгізілген СМЖ-сін PR-акцияларда қолдану мүмкіншілігі;

10) Ұйымның сыйлылығын және жоғары мәртебесін растау.

**ҚР СТ ИСО 22000-2006** «Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері. Тамақ өнімдерін өндіру және тұтыну саласындағы барлық ұйымдарға қойылатын талаптар».

2005 жылы ISO халықаралық стандарттау ұйымы НАССР (Hazard Analysis and Critical Control Points) принцирптеріне негізделген ISO 22000 стандартын бекітті. Стандарт өндіріске арналған талаптарды сақтауға, тамақ өнімдерін өндіру кезінде ықтимал қауіп-қатерлерді анықтау мақсатында барлық процесстерді мұқият саралауға, және осы қауіп-қатерлерді төмендетуге, жоюға және болдырмауға нақты әрекет орнатуға негізделеді.

Стандартты жасауда басты мақсаттарының бірі болып тамақ өнімдері қауіпсіздігі саласындағы көп мөлшерлі халықаралық құжаттарды үйлестіру болды.

2013 г. 1 шілдеден бастап Кедендік Одақ елдерінің территориясында жаңа Техникалық Регламент ТР ТС 021/2011 «Тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы» күшіне енді, келесіні ұйғарады: (10 баб): «...өнімнің қауіпсіздігінің талаптарымен байланысты тамақ өнімдерін өндіру (дайындау) процесстерін жүзеге асыру барысында, дайындаушы НАССР принциптеріне негізделген рәсімдерді енгузіге, өңдеуге және қолдауға міндетті.

Осылайша, ТР ТС 021/2011 сәйкес тамақ өнімдерін өндіру барысында (тамақ өнімдері, су, алкоголь өнімдері, сусындар, жартылай дайын өнім, тамақ өнімдерін дайындауға арналған өсімдік және жануар шикізаты, және т.б.), сондай-ақ өнімді сақтауда, тасымалдауда және сатуда (өндірушілер, дистрибуторлар, тасымалдаушылар, көтерме және бөлшек желілері, кафе, мейрамханалар және тамақ өнімдері айналасындағы басқа ұйымдар), Кедендік Одақ елдерінің сыртқы және ішкі нарықтарында НАССР принциптеріне негізделген қауіпсіздік талаптарын ұстануы қамтамасыз етілу керек.

НАССР принциптері, сонымен қатар ISO 22000:2005 «Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері. Тамақ өнімдерін өндіру саласындағы барлық ұйымдарға қойылатын талаптар» стандартында жүзеге асырылады.

*Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелерін сертификаттау артықшылықтары:*

1) Өнім сапасын басқаруда тікелей өнімді бағалау орнына жүйелік тәсілдемені қолдану;

2)Барлық ресурстарды үйлесімдеу және технологиялық процесстерді оңтайландыру;

3) Жеткізушілермен, әріптестермен, тұтынушылармен және бақылау органдарымен қарым-қатынасты үйлесімдеу;

4) Жұмысшылардың жауапкершілігі мен жеке білімін жоғарылату;

5) Тұрақты негізде қауіп-қатерлерді бақылау, өнімнің өмірлік цикл операциясын бақылау үшін қаражат енгізу және дайындау;

6) Тендерлерге қатысу барысында артықшылық және ұйымның халықаралық нарықтарға шығу мүмкіндігі;

7) Сіздің өнімге тұтынушылардың сенімін арттыру, және де өнімнің бәсекелесі қабілетін жоғарылату;

8) Бизнес табыстылығын арттыру [5].

**Талдама нәтижелері**

Ұлттық аккредиттеу орталығының (ҰАО) ресімі сайтында келтірілген ақпараттарға көз жүгіртсек, 01.01.2018 – 21.11.2018 уақыт аралығында төменде көрсетілген мәліметтерге сәйкес: 1 – Суретте көріп отырғандарыңыздағыдай ҚР СТ ИСО 22000-2006 бойынша 153 СМЖ сәйкестік сертификаты рәсімделген екен.



cabinet.nca.kz/SertView

Орган по подтверждению соответствия:
Тип сертификации: ҚР СТ ISO 9001-2009 (ISO 9001:2008)
Дата сертификации от: 01.01.2018 До: 21.11.2018
Номер бланка (без КСС):
№ сертификата СМ:
Заявитель:
Сұзу | Тазарту | Мөр | Сертификат

| Мәртебе | ОПС | Заявитель | От | До | № сертификата СМ | КСС | Тип сертификации |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Переофор... | «Орта-Серт» ЖШС | "Кадуцей-Тайынша" ЖШС | | | KZ.7100634.07.03.00160 | 0069764 | ИСО 9001-2009 |
| Переофор... | «Орта-Серт» ЖШС | ТОО "Агриум Актобе" | | | KZ.7100634.07.03.00080 | 0069759 | ИСО 9001-2009 |
| Переофор... | «Орта-Серт» ЖШС | "Эль-Жигер" ЖШС | | | KZ.7100634.07.03.00079 | 0069756 | ИСО 9001-2009 |
| Отмена де... | «Asia CertLine» ЖШС | "Пардизан Стар" НИСТГ" ЖШС, | | | KZ.7500947.07.03.03892 | 0083161 | ИСО 9001-2009 |
| Отмена де... | «Asia CertLine» ЖШС | "DOBEFIT" (ДАБИФИТ)" ЖШС, | | | KZ.7500947.07.03.03895 | 0083123 | ИСО 9001-2009 |
| Истек | "ҰлтССО" АҚ МЖ СРО Ақтөбе филиалы | «Premium Сервис» ЖШС | | | KZ.1510318.07.03.00778 | 0081498 | ИСО 9001-2009 |
| Сертификат | «Сертис-М» ӨК | Apollo Fire Detectors Limited Великобритания, 36 Brookside Road, H... | | | KZ.1510623.07.03.308275 | 0062926 | ИСО 9001-2009 |
| Истек | "Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" АҚ ОҚФ - СРО МЖ | "Казводэнергострой-А.А" ЖШС | | | KZ.5110318.07.03.11102 | 0060786 | ИСО 9001-2009 |
| Отмена де... | «Центр Сертификации СТ» ЖШС | "TOMAX GROUP" ЖШС | | | KZ.7100998.07.03.00057 | 0074449 | ИСО 9001-2009 |
| Переофор... | «Asia CertLine» ЖШС | "ТӨРЕ ЛОГИСТИК" ЖШС | | | KZ.7500947.07.03.03825 | 0077620 | ИСО 9001-2009 |
| Переофор... | «Фирма «Жаңабет» ЖШС СМ СРЖО | "CREATON AG" | | | KZ.7100635.07.03.00080 | 0034176 | ИСО 9001-2009 |
| Отмена де... | "ҰлтССО" АҚ МЖ СРО Ақтөбе филиалы | "BASPANA BUILD" ЖШС | | | KZ.1510318.07.03.00744 | 0076496 | ИСО 9001-2009 |
| Отмена де... | «ҰСжСО» АҚ МЖ СРО Маңғыстау филиалы | "Боган Инжиниринг Н&Г" ЖШС, | | | KZ.4710318.07.03.00379 | 0072737 | ИСО 9001-2009 |
| Истек | «Прикаспийский Центр Сертификации» ЖШС | "Caspian Jibek Joly" ЖШС | | | KZ.4710194.07.03.00352 | 0069658 | ИСО 9001-2009 |
| Отмена де... | "Каз Серт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | "АзияПаркИнжиниринг" ЖШС | | | KZ.7100858.07.03.01580 | 0070278 | ИСО 9001-2009 |
| Истек | «Asia CertLine» ЖШС | "Бат Экспорт" ЖШС | | | KZ.7500947.07.03.03037 | 0077264 | ИСО 9001-2009 |
| Переофор... | "Каз Серт" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі | "СИТ-Строй" ЖШС, | | | KZ.7100858.07.03.01479 | 0070277 | ИСО 9001-2009 |
| Истек | ТОО «РАСТАМА-СЕРТ» | «Техэнергосервис 2014» ЖШС | | | KZ.3510959.07.03.00363 | 0065559 | ИСО 9001-2009 |

Парақ 1 1ден

1ден 18 дейін жазбалар көрсетіледі 18 барлығы

**Сурет 1.** ҚР СТ ИСО 22000-2006 бойынша 153 СМЖ сәйкестік сертификаты

Ұлттық аккредиттеу орталығының (ҰАО) ресіми сайтында келтірілген ақпараттарға көз жүгіртсек, 01.01.2018 – 21.11.2018 уақыт аралығында төменде көрсетілген мәліметтерге сәйкес: 2-Суретте көріп отырғандарыңыздағыдай ҚР СТ ИСО 9001-2009 (ISO 9001:2008) бойынша 18 СМЖ сәйкестік сертификаты рәсімделген екен.



cabinet.nca.kz/SertView

Орган по подтверждению соответствия:
Тип сертификации: ҚР СТ ISO 22000-2006 (ISO 22000:2005)
Дата сертификации от: 01.01.2018 До: 21.11.2018
Номер бланка (без КСС):
№ сертификата СМ:
Заявитель:
Сұзу | Тазарту | Мөр | Сертификат

| Мәртебе | ОПС | Заявитель | От | До | № сертификата СМ | КСС | Тип сертификации |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сертификат | "QAZAQ certification" ЖШС | "КаспийПрофСнаб" ЖШС, | | | KZ.7500831.07.03.00593 | 0095037 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | "Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" АҚ ОҚФ - СРО МЖ | "Халал Қассаб" ЖШС | | | KZ.5110318.07.03.11569 | 0075322 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | "Өнімді, қызмет көрсетуді сертификаттау орталығы" ЖШС | «Масло-Дел» ЖШС, | | | KZ.7500053.07.03.00620 | 0088528 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | "ҰССО" АҚ Батыс Қазақстан филиалы | "Элипс сифуд" ЖШС, | | | KZ.2710318.07.03.00780 | 0090351 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | "QAZAQ certification" ЖШС | "Qaz_Foods" ЖШС, | | | KZ.7500831.07.03.00573 | 0092727 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | "QAZAQ certification" ЖШС | "Ақ Тау Ltd" ЖШС, | | | KZ.7500831.07.03.00570 | 0092723 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | "KazExpert Group" ЖШС | "Ай Нова" ЖШС, | | | KZ.7100278.07.03.00018 | 0089510 | ИСО 22000-2006 |
| Переофор... | "Expert Certification Kazakhstan" ЖШС | "Байтерек" ЖК | | | KZ.7500044.07.03.01383 | 0091556 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | «Business Expert KZ» ЖШС | ЖК Сапиева А.Ч., | | | KZ.7500293.07.03.00366 | 0088747 | ИСО 22000-2006 |
| Отмена де... | «Центр сертификации «Даму» ЖШС | "ЦЕЛИННАЯ" - Фабрика Деликатесов" ЖШС, | | | KZ.7100983.07.03.01543 | 0087201 | ИСО 22000-2006 |
| Переофор... | «Центр сертификации «Даму» ЖШС | "ЦЕЛИННАЯ" - Фабрика Деликатесов" ЖШС, | | | KZ.7100983.07.03.00193 | 0087235 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | «Казахстанский центр качества» ЖШС | «АйБат» ЖШС, | | | KZ.7500729.07.03.00939 | 0090140 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | «Казахстанский центр качества» ЖШС | «Урожай» ЖШС, | | | KZ.7500729.07.03.00940 | 0090141 | ИСО 22000-2006 |
| Переофор... | "ҰлтССО" АҚ МЖ СР Орталық органы, Қазақстан, | "Ордабасы құс" ЖШС, | | | KZ.7100318.07.03.01126 | 0094638 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | "Ұлттық сараптау және сертификаттау орталығы" АҚ ОҚФ - СРО МЖ | ТОО «GOLDEN CAMEL GROUP LTD (ГОЛДЕН КЭМЭЛ ГРУПП ЛТД)" | | | KZ.5110318.07.03.11560 | 0075311 | ИСО 22000-2006 |
| Переофор... | "ҰССО" АҚ Батыс Қазақстан филиалы | "Орал құс фабрикасы" ЖШС, | | | KZ.2710318.07.03.00262 | 0090333 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | «Business Expert KZ» ЖШС | "DEGİR MEN" (ДЕГИР МЭН) ЖШС, | | | KZ.7500293.07.03.00361 | 0088752 | ИСО 22000-2006 |
| Сертификат | «ҰлтССО» АҚ СРО Талдықорған филиалы | "КАЗФОСФАТ" ЖШС ЖФ (ЖЖФЗ) | | | KZ.1910318.07.03.00566 | 0091871 | ИСО 22000-2006 |
| Переофор... | «Центр Сертификации СТ» ЖШС | "Жаңаөзен сүт зауыты" ЖШС | | | KZ.7100998.07.03.00006 | 0088532 | ИСО 22000-2006 |
| Переофор... | "Expert Certification Kazakhstan" ЖШС | "Байтерек" ЖК | | | KZ.7500044.07.03.01383 | 0091538 | ИСО 22000-2006 |
| Переофор... | "Өнімді, қызмет көрсетуді сертификаттау орталығы" ЖШС | «НОВИК ИРЕНА ВАЦЛАВОВНА» ЖК, | | | KZ.7500053.07.03.00405 | 0088522 | ИСО 22000-2006 |

Парақ 1 4ден

1ден 50 дейін жазбалар көрсетіледі 153 барлығы

**Сурет 2.** ҚР СТ ИСО 9001-2009 (ISO 9001:2008) бойынша 18 СМЖ сәйкестік сертификаты

**Қорытынды**

Бүгінгі күні Ұлттық аккредиттеу орталығында 1445 субъекті аккредиттелген. Оның ішінде 89 өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сәйкестігін растау органы, 73 менеджмент жүйесі бойынша сәйкестітігін растау органы, 800 сынақ зертханасы, 401 салыстырып тексеру зертханасы, 50 калибрлеу зертханасы бар. Естеріңізде болса 2003 жылы Қазақстан кәсіпкерлерінің 11-ші форумында Елбасы шетелде қазақстандық сертификаттарды тану туралы мәселені көтерген еді. Осыған байланысты халықаралық нарықта қазақстандық бизнесті қолдау және қорғаудың тиімді тетігін әзірлеуге, шетелде қазақстандық сертификатты тану бойынша жұмыс жұмыс жүргізуге тапсырма берілген [6].

Ұлттық аккредиттеу орталығының (ҰАО) сайтында тіркелген мәліметтерге сүйене отырып 01.01.2018 – 21.11.2018 уақыт аралығында қанша СМЖ сәйкестік сертификаты рәсімделгендігі анықталынды.

ӘДЕБИЕТТЕР

[1] Цыганова Л.В., Тихомирова О.И. Интегрированные системы менеджмента –// Управление качеством. -2006. №2, 46-56 с.

[2] Шепелева Е.В., Митасева Е.В. Тетерук А.П., Комисарова И.И., Интегрированная система управление безопасностью и качеством-2008, 25-26с.

[3] Сурак Д.Г. Рецепт безопасной продукции: ИСО 22000 и ХАССП -2008,96-100с.

[4] Трапезникова А.Е., Вайскробова Е.С. Обеспечение безопасности пищевой продукции на основе стандарта ИСО 22000-2009, 496с.

[5] ISO 22000:2005 «Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің менеджмент жүйелері. Тамақ өнімдерін өндіру саласындағы барлық ұйымдарға қойылатын талаптар»

[6] https://www.inform.kz/kz/ulttyk-akkreditteu-ortalygy-otandyk-onimdi-shetelde-ilgeriletuge-septigin-tigizedi_a3046175

Игиликова М.Б., Манап К.Р., Сериккызы М.С., Уажанова Р.У.

**Статистический анализ сертификатов соответствия системы менеджмента качества Национального центра аккредитации Республики Казахстан**

**Резюме.** Статья выполнена с целью исследования статистического анализа сертификатов соответствия системы менеджмента качества Национального центра аккредитации Республики Казахстан. В данной работе изучено сертификат соответствия и эффективность системы менеджмента качества. Проведена анализ методов менеджмента качества, оказывающих наибольшее влияние на повышение эффективности система менеджмента качества организаций. Подведены итоги и сделано заключение об исследуемых информациях.

**Ключевые слова:** Национальный центр аккредитации, качество, оценка качества, анализ сертификатов, системы управления качеством

Igilikova M.B., Manap K.R., Serikkyzy M.S., Uazhanova R.U.

**Statistical analysis certificates of quality management system compliance of the national accreditation center of the republic of kazakhstan**

**Summary.** The article is designed to study the statistical analysis of certificates of conformity of the quality management system of the National Accreditation Center of the Republic of Kazakhstan. In this paper, studied the certificate of conformity and the effectiveness of the quality management system. The analysis of quality management methods that have the greatest impact on improving the effectiveness of the quality management system of organizations. The results were summed up and a conclusion was made about the information under study.

**Key words:** National Accreditation Center, quality, quality assessment, certificate analysis, quality management systems.

УДК 528.3.

**A.B.Umirbaeva, M.B.Nurpeisova**

(Kazakh national research technical university named after K.I. Satpayev,
Almaty, Kazakhstan E-mail: Marzhan-nurpeisova@rambler.ru, a_umirbayeva@mail.ru)

## GEODESIC MONITORING NAROSHENNYK TERRITORY

**Abstract.** The history of the Semipalatinsk Testing Polygon (CIP) is sought and studied on the territory of the CIP, which is widely used in many research and experimental studies. Sredies of geodesic surveys, interiors of work, submitted by the Institute of Geophysical Research of the Republic of Kazakhstan. In the article were discussed questions of planning of planting and geodesic monitoring of land surveying. Geodetic observations have been proposed. The primary analysis of geodesic monitoring results has been settled and it is established that the depth of sunlight is about 5-6 mm in diameter. The resulting results are used when applying optional appraisal and exposure guidelines to radiation safety.

**Key words:** daylight surface deformation, plan heights geodetic control, leveling work, well.